

Президенттің Қазақстан халқына Жолдауы

«Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты»



«Бүгінде біздің халқымыз үшін дәстүрлі емес діни және жалған діни ағымдар мәселесі өткір тұр.

Бұл – біздің еліміздегі бейбітшілік пен тұрақтылыққа шабуыл. Бұл – біздің мемлекеттіміз бен азаматтық кемелдігіміздің мықтылығының сынға түсуі.

Біздің Конституция сенім бостандығына кепілдік береді, бұл – факт. Бірақ, өздеріңіз білетіндей, шексіз еркіндік деген болмайды. Ол дегеніміз – хаос. Барлығы да Конституция мен заңдар аясында болуға тиіс».

Дін туралы:

Дін – адам мен мінсіз болмыстың (Алланың, Жаратушының) табиғи байланысы туралы сана.

Дінді зерттейді:

теология

атеизм

дінтану

Будда діні

Ал, дәстүрлі діндердің ішіндегі біршама көнесі – Буддизм. Бұл дін өзінен көп бұрын пайда болған хиндуизмнің тамырынан нәр алған. Ежелгі үндістандықтардың тарихымен үндесіп, дамыған хиндуизмнен салт-дәстүр, аңыз, символизмнен бастап философиялық ойлар мен пайымдарға дейінгі көп ілімдерді мұра етіп қабылдады. Будда адам баласының дүниеге келуі мен қайтуының циклін түсіндірді. Онда пенде өзінің жасаған әр ісінің нәтижесі мен салдарын көреді деген философиялық тұжырым жасалады. Дәл бүгін тірі организм болып жүрген тәніңіз бұрынғы тірлікте жасаған ісіңіздің нәтижесі деп танытты. Өмір дегеніміздің өзі өлімнің тікелей жалғасы. Аталмыш цикл үзілмейді. Әр жан иесі қиналады, осы ауырпалықтың бәрі оның бұрынғы тірлікте жасаған «иттіктерінің» салдары. Ал, қиналмау үшін бейнеттің өзімен емес, соны тудырған себеппен күресу қажеттігін уағыздады. Себептің өзі бұрынғы тірлікте өтіп кететіндіктен уақытты кері қайтара алмайсың. Сондықтан, тек қана кейін қиналмау үшін алдағы бейнеттің салдарын бүгін тудырмауың керек. Будданың адал өмір сүру жайындағы қағидасы осы тұстан туған. Оны қазақы ұғымға салсақ, «не өксең соны орасың» дегенге келіп саяды. Ғылыми түрде істің нәтижесінен туатын жауапкершілік ретінде түсінуге негіз бар. Осы дүниедегі тірлікте жақсылық жасасаң кейінгі өміріңде жемісін көресің, ал, жамандық істесең азабын тартасың дегеніне қарап адамның қалай болуы тек өзіне байланысты екендігін аңғаруға болады. Будда қайтыс болғаннан кейін шәкірттері оның қағидаларының басын құрап Трипитика атты габратнамасын жарыққа шығарған. Тағы бір туындысы бар, ол Дармапад аталады. Будда шәкірттерінің «Нама будаяа, нама дармаяа, нама сангаяа», яғни, «буддаға табынайық, будданың қағидасына табынайық, оның габратнамасын таратушыларға тағы бас иейік» деген мағынаны білдіретін сөзі кейін «үш асыл» аталып кеткен.

Негізгі құндылықтары:

Өмір
дегеніміз
азап

Азаптың себебі
бар, оның көзі –
адамның қалау-
тілеуінде,
ниетінде

Азаптан
құтылуы
мүмкін, оның
бақытты күйін
“Нирвана”
деп атайды

Ортадағы тура
жол, оның мәні
адам қалауын
тәркі етуде
болып
табылады

Жету жолдары:

1. Саф сенім.
Ақ ниет.
Шыншыл сөз.
Дұрыс әрекет.
Салауатты өмір салты
Қажырлы қайрат.
Таза жады.
Адал зейін

Иудаизм діні:

- Біздің дәуірімізге дейінгі II мың жылдықта Солтүстік Арабияның көшпелі еврей тайпаларының полиатеистік сенімдері мен ырымдарының негізінде пайда болды. Біздің дәуірімізге дейінгі XIII ғасыр [Палестинаны](#) (Ханаан) жаулап алады. Иудаизмнің қалыптасуына [Яхве](#) құдайын асқақтатушы [Иуда тайпасы](#) (атауы осыдан шыққан) ерекше ықпал еткен. Соңынан Яхве жалғыз құдайға айналады. Иуды тайпасынан шыққан [Давид патша](#) (біздің дәуірімізге дейінгі 977 жылы шамасы) заманында [Израил](#)-Иудейлік патшалық күшейіп, иудейлер тегі пұрсатты жағдайға ие болды. Иудаизмде діни ілім мен асқақтату ертеден басталады. Оларға жататындар:
 - Құдай, Дүние, Адам жайлы ілім;
 - діни асқақтатудың тәртібі;
 - моральдық-өнегелік қарым-қатынастар кодексі;
 - діни институттар жүйесі;
 - Құдай аңдамалылығының тұжырымы;
 - Мессианизм - Құдайдың елшісінің немесе маңдайына бақ қонғандардың Мессияға келуі, Құдай патшалығының орнауы.


Негізгі құндылықтары:

1. Ата-ананы қадірлеу, қастерлеу.
2. Адамдар арасындағы татулық.
3. Кекшіл болмау, қателіктерді кешіре білу.
4. Кісіге қол жұмсамау.
5. Өтірік айтпау.
6. Біреудің мүлкіне көз сүзбеу, күншілдіктен аулақ болу.

Христиан діні:

Христиан біздің дәуіріміздегі I ғ. Рим империясының шығыс бөлігінде пайда болған. Рим жаулап алушыларының дәуірінде бағынған шығыс халықтарының ескі тайпалық діндері кері кетті. Құлдар мен басқа елдердің халқына, торыққан миллиондаған адамдарға римдік ұлттық көңілдеріне жұбаныш әкеле алмады. Сондықтан, барлығына түсінікті жарқын дін керек болды. Христиан этникалық ерекшеліктеріне бөлмейтін барлық адамдарға тең дін ретінде пайда болды. Христиан да басқа діндер сияқты түксіз жерде пайда бола салған жоқ. Оған діндарлар ғана емес, сонымен бірге шығыс халықтарының көптеген философ өкілдері әсер етті. Христианға шығыстың діни құрылымдарынан қатты әсер еткені иудаизм болды.

Негізгі құндылықтары:



СЕНІМ

ҮМІТ

СҮЙІСПЕНШІЛІК

Ислам діні туралы қысқаша түсініктеме



Masjid-ul-Haram

Ислам діні – дүние жүзілік діндердің ішінде ең кеш шыққан жас дін. Ол біздің заманымыздың VII ғасырында арабия түбегін мекендеген тайпалар алғашқы қауымдық қатынастардан таптық қатынастарға көше бастаған кезде құл иеленушілік идеологиясы ретінде дүниеге келді. Тарихи деректерге, әдеби аңыздарға сүйенсек, Ислам діні Арабиядағы Хиджаз өлкесінің ең ірі қаласы – Меккеде шықты. Арабия елі бірқатар бай елдердің орталығы болды. Олар: Рим, Византия, Египет, Иран және басқа елдер бір-бірімен сауда қатынасын жасаған кезде Арабия жерін басып өтетін.

Осыған байланысты Араб феодалдары жер келері боуымен бірге, құл жұмсаудан, құл сатудан орасан зор табыс түсіріп отырды. Сонымен бірге, Мекке ерте уақыттан бастап-ақ діни орталық болып саналатын. Меккенің орталығындағы Зәмзәм су сөзі, оның жанындағы Әулиелі қататас Қаабы Храмы көшпелі бадауиелердің өз құдайына табынатын орны болды. Бұл кезде әрбір рудың өздерінің рулық құдайы болды. Олардың бейнесі Қаабаның маңдайына орналасқан болатын. Кейбір мұсылман аңыздарында Қааба мен Зәмзәм су көзін Ибрагим пайғамбар мен оның ұлы Исмаил салған деген деректі де кездестіреміз. Меккенің орналасқан жері егін шаруашылығымен де, мал шаруашылығымен де айналсуға қолайсыз болды. Сондықтан меккеліктер шамаларына, қолдарындағы қаражаттың мөлшеріне қарай Мекке шонжарларына сауда керуендеріне қосылатын.

Негізгі құндылықтары:

1. Бейбітшілік.
2. Татулық.
3. Тыныштық.
4. Кешірімділік.
5. Мейірімділік.
6. Адамгершілік.
7. Тазалық.
8. Әділдік



Қорытынды:

“Мұсаның (ғ.с.) заңдары әділдікке негізделген, Исаның (ғ.с.) заңдары мейірімділікке, Мұхаммедтің (с.ғ.с.) заңдары ең соңғы және ең жетілген аян болғандықтан мейірімділік пен әділеттілікке негізделген”.

В.Бартольд (шығыстанушы ғалым)

жалған

діни ағымдар мәселесі өткір тұр. Жастарымыздың бір бөлігі

өмірге осы жат жалған діни көзқарасты көзсіз қабылдайды,

өйткені, біздің қоғамның бір бөлігінде шеттен келген жалған діни әсерлерге иммунитеті әлсіз. Біздің

Конституция

сенім бостандығына кепілдік береді, бұл-факт. Бірақ, өздеріңіз

білетіндей, шексіз еркіндік деген болмайды. Ол дегеніміз- хаос.

Барлығы да Конституция мен заңдар аясында болуға тиіс.

Әркімнің таңдау құқығы бар. Діни таңдауға өте үлкен жауапкершілікпен қарау керек, өйткені, адамның өмірлік

салты,

тұрмысы, көп жағдайда бүкіл өмірі соған байланысты.

Бүгінде, интернет пен жоғары Технологиялар ғасырында, ақпарат тасқындаған заманда, «сүзгі» адамның ішінде

болуы керек....»

**Исламдағы төрт
мәһаб**

**Ханафи
Мәһабы**

(Иман Ағзам Әбу Ханифа
ән-Нұғман ибн сәбит)

**Малики
мәһабы**
(Мәлік ибн Әнәс)

**Шафиғи
мәһабы**
(Мұхаммад ибн
Идрис аш-
Шафиғи)

**Ханбали
мәһабы**
(Ахмед ибн
Ханбал)



Шариғат.

Исламдағы шариғат төрт мәселені қарастырады:

1. Сенім, иман мәселелері.
2. Амал.
3. Тәрбие (ахлақ).
4. Құқықтық істер.

Қазақстан – қазіргі таңда ұлтаралық келісім мен дінаралық татулықтың ерен үлгісін көрсетіп келе жатқан мемлекет.Отанымыз 130-дан астам ұлттар мен ұлыстардың алтын ұясы бола отырып, әлемге Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың осы бағыттағы сарабдал саясатының арқасында бейбіт өмір салтанат құрған ел ретінде танылып үлгерді.

Қазақстан өзіндегі дінаралық татулықты ту етіп көтеріп қана қоймай,бүкіл халықаралық қоғамдастыққа Әлемдік және дәстүрлі діндер Көшбасшыларының съездері арқылы да түсіністік ұрығын себуде.Бұған соңғы 10 жыл бедерінде түрлі дін өкілдерінің басын қосып,төрт бірдей съезд өткізгені дәлел болып табылды.

Діни экстремизм

Діни экстремизм туралы

Діни экстремизм Ислам құндылықтарын сақтау жолында үндеу тастаған өздерінің пікірлестерін діни принциптерді бұзушылар деген айыптаулармен кінәлайды. Діни-саяси экстремизм болса, әртүрлі діни пікірлерге негізделгеніне қарамай, олардың іс-әрекеттері Қылмыстық істер кодексінің баптарына сәйкес келеді



- Яғни, діни-саяси экстремизм - діттеген саяси мақсаттарына қол жеткізу үшін, дінді қалқан ете отырып әрекет етуші, дінге ешқандай қатысы жоқ іс-қимыл. Басқаша атағанда - терроризм (лаңкестік). Мұндай әрекеттер көбіне мемлекеттің құрамын күшпен өзгертуге немесе үкіметті басып алуға бағытталады. Қауіпті жағдайға айналған осындай әрекеттерді іске асыру, көбіне қарулы топтар құрып, өзара өшіктіру әдістерін қолдану арқылы дін және ұлттық қайшылықтарды қоздырумен, сондай-ақ адам құқын жаппай бұзумен қатар жүреді.

Мұндай шектен шыққан экстремизм әртүрлі мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне нұқсан келтіріп қана қоймай, дінаралық жағдайдың ушығуына да себепкер болуда. Экстремистер қай діннің атынан белсенділік танытса, бәрінен де көп зиян шегетін сол дін.



- Саяси экстремизм тек саяси мүддені ғана көздейді. Олар адамдардың дінге деген құрметі мен сенімін өз мақсаттарына кеңінен пайдалана отырып, дін үшін әрекет етіп жүргендей көрінуге тырысады. Діни-саяси экстремизм әдетте ешқандай ымыраны мойындамай, ортақ келісімнен бас тартады, ешкімді жақтырмайды, тіпті оларды қолдап жүрген дін өкілдерінің пікірі болса да ешқандай саяси пікірлермен санаспайды.

Діни экстремизм үшін «Харам мен халал» (арам мен адал), «өзіңе қалағаныңды басқаға да қала» деген қағидалар болмайды. Олардың басты қаруы қатігездік пен шапқыншылық. Сонымен қатар діни антқа байлап қойған адамдардың экстремистік қатардан шыға қоюы өте қиын.



- Экстремизмді айыптау, егер Құран және сүннет негізінде болмаса, онда адасушы мұсылмандар айыптауды мойындамайды, бос сөз қатарында қабылдайды. Кінәлілер айыптаушыларды - надан, жалақор ретінде азғыруы да мүмкін. Ислам шариғатымен амал етіп, басқаға үлгі бола білу, әрі шариғат талаптарын орындау, өркениетті қоғам орнатудағы аса сенімді жол екенін түсіндіре білу - діни экстремизмге қарсы қолданар ең үлкен қару.

- Әлемдегі құбылыстардың қандайы болмасын өзіндік пайда болу ықтималдығына бағытталған әсерге негізделе отырып, ережелер мен заңдарға сүйенген себептері мен салдары бар. Бұл заңдылықтар қатарына тек философиялық ой-пікір тұжырымдары ғана емес, еш күдіксіз қабылдануы бұйырылған Илаһи заңдылықтар да жатады.

- ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Экстремизм Қазақстанда кең ауқымда пайда бола қоймаған құбылыс, алайда конфессионалдық тұрақсыздықтың бізде де бой көтеруінің белгілі бір қаупі бар. Әрине, егер осы қауіпті өз уақытында сезініп алдын алмасақ», -деген көзқарасын профессор Н.М. Әбдіров: «Экстремизмге қарсылықты іске асыруда кешенді және жүйелі жол қажет. Сонда реттеуші ғана емес тиым салушы да шаралар қарастырылатын еді», -деп нақтылайды.

Экстремизм дегеніміз: Француз тілінде - *extremisme*, латын тілінде – *extremus* «шеттеу» яғни орталықтан ауытқу, белгіленген жерден тыс кету деген мағына береді — жалпы тәртіпті мойындамайтын, өзінің пікірімен ғана іс-әрекет жасаушы дегенді білдіреді.



- **Секта** сөзі (лат. secta- ой жүйесі, ілім, бағыт,)- қайсібір діннің өз ішінде оппозициялық топ. Шіркеуде болып жатқан түрлі жағдайға көңілі толмай, әдетте ерекше деп танылған, кейде шектелуге, тұйықтыққа, негізгі діни бағыттан қол үзушілікке бастайтын топ. Секта ежелгі гректерде де αίρεσις- ілім, бағыт, мектеп ұғымын білдірсе, этимологиялық мағынасы латынның sequi яғни, «артынан еру», «бағыну» деген сөзінен шыққан. Соңғы кезде Батыс дінтанушы ғалымдары алғашқы екі ұғымды («жалған ілім», «күпірлік») синоним ретінде қолданып жүр. **Секта** сөзі В.И. Дальдің терминологиялық сөздігінде, секта- жеке қауымдастық, дәстүрлі және әлемдік діндерден бөлініп шыққан діни ілім. Д.Н. Ушаков құрастырған сөздікте: 1.Дәстүрлі діндерден өз дербестігін алған діни ілім немесе түрлі әлеуметтік топтардан құралған ұйым; 2.Біз және басқалар деп қоғамнан бөлектеніп, өздерінше тұйық өмір сүрушілер. Құқықтану да секталардың қоғамдағы әрекеттеріне қарай «деструктивті немесе тоталитарлы секта» деген терминдік атау берілген. Деструктивті секта- дәстүрлі діндерден бөлінген оларды дін ретінде мойындамайтын, жеке көзқарастарымен діни догматикаларын қалыптастырған, мемлекеттің ішкі тұрақтылығы және қоғамдық құрылыстарға кері әсерін тигізуші тар шеңберлі көзқарастағы адамдардан құралған топ. Тоталитарлы секта- басшылары көбіне заңға қайшы келетін қылмыстық әрекеттерге барып, қарапайым топ мүшелерінің саналарын түрлі манипуляциялық амалдармен жаншып, тоталитарлық жолмен бағындыруға тырысады.



Хизб ут-Тахрир аль-

Ислами حزب التحرير

Басшысы: Ата Абу Рашта

Құрылу

кезеңі: 1953, Такиуддин

Набхани

Идеология: панисламизм

Хизб ут-Тахрир аль-

Ислами (араб. حزب

التحرير — «Исламдық Партия



- 1984 жылы құрылған япондық діни секта. 1994 жылы Чизуо Мацумото өзін “Қасиетті император” етіп жариялады. Бұл сектада анти әлеуметтік істер оның ішінде адам өлтіру мақұлданады. Террорлық акт алғашқы рет 1994 жылы Мацумото қаласында зертханада жасалынған улы зат арқылы жасалған 7 адам қайтыс болып 144 жараланған. 1995 жылы тағы сол сияқты акцияда 12 адам қайтыс болып 5300 адам ауыр жараланған. Секта құрамына жақтастар іздеуді “йога клубтары”, “кездесу веб-сайттары” арқылы жасаған.
- Құрамын 2000 жуық мүше бар.

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съездері

Тұңғыш рет
әлемдік

және дәстүрлі
діндер
көшбасшылар
аның
съезі 2003
жылы
23-24
қыркүйекте
Астанада

ұйымдастыры
лды

Әлемдік
және дәстүрлі

діндер
көшбасшылар
аның
II съезі 2006
жылы
12-13
қыркүйекте
Бейбітшілік
және келісім

сарайында
өтті.

Әлемдік
және дәстүрлі
діндер
Көшбасшыла
раның
III съезі
2009 жылы
1-2 шілдеде
Астанада өтті

Әлемдік

және дәстүрлі
діндер
Көшбасшылар
аның
IV съезі
2012 жылы
30-31 мамырда
Астана
қаласында

өтті.

ұстанатын сүнниттерміз. Бабаларымыз ұстанған бұл жол ұлттық салт-дәстүрді, ата-ананы сыйлауға негізделген. Ендеше, бүгінгі ұрпақ та әлемдегі ең ізгі дін- ислам дінін қадірлей отырып, ата дәстүрін ардақтағаны абзал. Қазір кейбір сыртқы күштер жастарымызды ислам дінінің
хақ

жолынан адастырып, теріс бағытқа тартуға тырысуда.

Мұндай ұлттық табиғатымызға жат келеңсіздіктерден бойымызды аулақ салуымыз керек.

Біз мұсылман үмбетінің бір бөлігі екенімізді мақтан тұтамыз.

Ол- біздің дәстүріміз. Бірақ бізде зайырлы қоғамның дәстүрлері де бар екенін, Қазақстан зайырлы мемлекет екенін ұмытпауымыз керек. Біз елдің дәстүрлері мен
мәдени

нормаларына сәйкес келетін діни сана қалыптастыруымыз керек.

Біз өзін өзі ұстанудың ерекше үлгілерін алуға тиіспіз » деп «Қазақстан - 2050» стратегиясында айтылған.

Ендеше, діни дінгегіміздің беріктігіне барынша

Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу жұмыстары

- ✓ Аумақтарда ақпараттық-насихат жұмыстарын жүргізу;
- ✓ Діни экстремизм мен терроризмге қарсы әрекет жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны дайындауға белсене атсалысу;
- ✓ Теріс пиғылды діни ағымдардан зардап шеккендерге көмек көрсету орталықтарын мемлекеттік тапсырыс арқылы қолдауды қамтамасыз ету;
- ✓ Пенитенциарлық жүйедегі мекемелерде теріс пиғылды діни ағымдардың әрекетіне қарсы тұру және олардың алдын алу бойынша ІІМ ҚАЖК-мен бірге арнайы жұмыстарды атқару;
- ✓ Күштік органдар қызметкерлерінің дін мәселелері жөніндегі біліктілігін арттыру

2013 ж. аумақтарда 3 халықаралық және 5 республикалық форумдар мен конференциялар өтті:

- «Дін және әйел»;
- «Таблиғи жамағат – теріс пиғылды діни ағым»;
- «Жастар және дін»;
- «Жастар экстремизмге қарсы»;
- «Ислам терроризмге қарсы»;
- «Тәкфіршілік – діни экстремизмнің ең қауіпті түрлерінің бірі»;
- «ҚР-дағы діни сенім бостандығы»;
- «Қазақстан – біздің ортақ үйіміз»;
- «ТМД елдеріндегі діннің рөлі».